

КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ – БҰЛ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ СЕНІМІ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ТЕҢЕСТІРУ ҚҰРАЛЫ. БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ – ҚҰРМЕТ, ӘДІЛДІК ЖӘНЕ АШЫҚ ДИАЛОГ АХУАЛЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.

Серікбай ТҰРЫМОВ,
«Самұрық-Қазына» қоры
корпоративтік омбудсмені



№94 (3133)
11/11/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

КАЗАХСТАН И США: СОТРУДНИЧЕСТВО НА РЕЛЬСАХ

В ходе официального визита Президента Казахстана в Соединенные Штаты Америки подписано важное соглашение, открывающее новый этап в сотрудничестве между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и корпорацией Wabtec. Документ предусматривает привлечение финансирования на сумму 1,6 миллиарда долларов сроком на десять лет для обновления локомотивного парка ҚТЖ.

Координатором финансирования выступает Citibank, а гарантом сделки – Экспортно-импортный банк США (US EXIM). Проект имеет долгосрочный характер: поставки локомотивов Wabtec запланированы до 2038 года. Производство будет осуществляться в Казахстане, на мощностях АО «Локомотив құрастыру зауыты» в Астане, являющегося дочерним предприятием Wabtec Transportation Engines Holding B.V.

Реализация программы позволит комплексно обновить тяговый подвижной состав, повысить энергоэффективность перевозок и обеспечить растущие потребности грузопотока.

Проект также создаст новые ра-

бочие места и укрепит локальную промышленность, стимулируя развитие смежных отраслей и повышая технологический уровень производства.

В рамках визита также достигнута договоренность о развитии партнерства в сфере подготовки кадров. Согласно подписанному документу, в 2027 году компания Wabtec проведет обучение сотрудников ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» на своих производственных площадках в США. Программа будет направлена на повышение квалификации специалистов по эксплуатации и техническому обслуживанию локомотивов серии ТЭЗЗАТ, включая изучение особенностей дизельного двигателя HPCR EVO.



После прохождения первого этапа обучение продолжится на предприятиях Wabtec в Казахстане. По итогам программы участники получат сертификаты, подтверждающие международный уровень квалификации.

Кроме того, Wabtec окажет содействие в организации стажировок и практического обучения для студентов и вы-

пускников казахстанских вузов, участвующих в программе «Болашақ».

Подписанные соглашения станут важным шагом в развитии железнодорожной отрасли, способствуя внедрению современных технологий, укреплению кадрового потенциала и повышению эффективности работы ҚТЖ.

Айлин БАУРЖАН

БАРЛЫҚ БАҒЫТТА ӨСІМ БАР



Қазақстан мен Ресей темір жолдары арасында көлік дәліздерін дамыту, шекара маңындағы өткелдердің өткізу қабілетін арттыру, цифрлық сервистерді енгізу және тасымалдаушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі бірлескен жұмыстар жалғасын тауып, жемісін беруде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «РЖД» ААҚ арасындағы теміржол көлігімен тасымалдау көлемі үстіміздегі жылдың қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша 71,6 млн тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5%-ға артық, оның ішінде жүк экспорты 5%-ға өсіп, 43,8 млн тоннаға жетті.

Осы он айда қазақстандық көмірді Ресей порттары арқылы тасымалдау көлемі 9,6 млн тоннаны құрады, бұл 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,5 млн тоннаға (+34%) артық. Негізгі бағыттары: Балтық теңізінің порттары – 6,2 млн тонна (+18%), Азов – Қара теңіз бассейнінің порттары – 3,4 млн тонна (+83%).

Сонымен қатар Қазақстаннан Ресей аумағы арқылы астық экспорты өткен жылдың он айымен салыстырғанда 5 есеге артып, 1,9 млн тоннаға жетті. Ресей порттары арқылы 500 мың тонна экспортталды, бұл өткен жылғы деңгейден 20% жоғары. Экспортталатын астық жүктерінің құрылымы: астық, жасымық және техникалық дақылдардың тұқымдары. Негізгі алушы елдер – Италия, Бельгия, Түркия, Алжир және басқалар.

Қазақстан мен Ресей арасындағы теміржол бағыттары бойынша контейнерлерді тасымалдау да тұрақты өсімді көрсетіп отыр. Есепті кезеңде 650 мың ЖФЭ тасымалданды, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 13%-ға көп.

ҚХР – РФ – ҚХР бағыты бойынша тасымал соңғы алты жылда 15 есеге – 33,4 мыңнан 512 мың ЖФЭ дейін өсті, ал ағымдағы жылдың он айында 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тағы 9% ұлғайды.

Бекзат МҰҚАШЕВ
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



Технология

БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ТЕРЕЗЕ – БІРЕГЕЙ ЖОБА

«Қазақстан темір жолы» компаниясы сандық жүйеге белсенді көшуде. Сәтті жүзеге асырылған жобалар қатарында жүк жөнелтушілерге арналған «Бірыңғай цифрлық терезе» жобасына айрықша тоқталып өтпекпіз.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымы «КТЗ Express» АҚ төл өнімі болып табылатын бұл жоба – ұлттық тасымалдаушыны заманауи логистикалық компанияға айналдыру бағытында уақыт талабына толық жауап беретін ілкімді жоба. Компания мамандары Мемлекет басшысының ҚТЖ-ны теміржол тасымалдаушысынан қазіргі заманғы көлік-логистикалық компанияға трансформациялау туралы Жарлығы мемлекеттік деңгейде белгіленген стратегиялық бағыт болғанын айтып отыр. Ал бұл ауқымды бағыт тек технологиялық өзгерістерді ғана емес, клиенттермен және серіктестермен өзара әрекеттесудің барлық логикасын қайта қарауды қажет етумен қатар барлық негізгі қызметтерді біріктіретін ашық, жылдам және тиімді коммуникацияны

қамтамасыз ететін платформа қажет еткен.

Міне, осылайша, онлайн-сатып алуды рәсімдеу сияқты логистикалық қызметке тапсырыс беруге ыңғайлы цифрлық орта – «Бірыңғай цифрлық терезе» құру бастамасы пайда болған. Бұл жүйе кедергілерді, қағазбастылық бюрократиясын жоюға және пайдаланушыға жаңа деңгейдегі қызмет ұсынуға бағытталған. Жаңа форматтың клиенттермен өзара әрекеттесуінің бұрынғы модельдерден айырмашылығына келсек, ол орталықтандырылған, ашық және толық цифрландырылған.

Бұрын темір жолмен жүк тасымалдау қызметін алу үшін клиент әртүрлі құрылымдарға жүгінуге мәжбүр болды: «ҚТЖ» тобының әрбір еншілес активі – мейлі ол тасымалдаушы, вагон операторы немесе экспедитор болсын – өзінің байланыс арналары, өзінің құ-

жат айналымы болды. Сол деректерді әртүрлі мекенжайларға қайталап жіберу, жауаптарды пошта немесе телефон арқылы құту керек болды, ал кейбір құжаттарға тек қағаз түрінде қол қою керек болды. Мұның бәрі уақытты қажет етіп, қосымша әкімшілік жүктеме тудырды. Ал бүгінгі жаңа жүйе барлық негізгі қызметтер бір жерде шоғырланған бірыңғай цифрлық интерфейсін ұсынып отыр, яғни процестер стандартталған, автоматтандырылған және ашық. «Бұл жай ғана бір әдеттегі сайт емес, бұл клиентке бағытталған және «бір терезе» қағидаты бойынша құрылған жаңа буынның цифрлық платформасы», – дейді мамандар.

Бүгінде клиент тасымал қызметіне цифрлық форматта өтініш беріп, коммерциялық ұсыныс ала алады, келісімшарт жасай алады, сондай-ақ құжаттарының мәртебесін қадағалап, кеңес те алады. Резиденттер үшін де, бейрезиденттер үшін де шарттарға қол қою мүмкіндігімен электрондық қолтаңбаны енгізу маңызды технологиялық жаңалық болды. Бұл халықаралық серіктестермен өзара әрекеттесуді жеңілдетті, енді келісімдер жасау үшін кеңсеге болу қажет емес, бәрі қашықтан рәсімделеді. Сондай-ақ аталған қызметтің eGov Business мобильді қосымшасына интеграциялануы ыңғайлылықты едәуір арттырып, кез келген уақытта және кез келген жерден қосылып, өзара әрекеттесуді қолжетімді етіп отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

ДОСРОЧНЫЙ УСПЕХ

На международном пограничном переходе Алтынколь досрочно выполнен годовой план ОСЖД по экспорту грузов. Объем перевезенной продукции составил 6,7 миллиона тонн, что соответствует годовому показателю. Таким образом, плановые задачи по экспорту через переход выполнены на 100% еще до конца года.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынколь

Досрочное выполнение плана стало возможным благодаря стабильному росту экспортных перевозок, эффективной организации работы железнодорожников и слаженному взаимодействию всех служб, задействованных в транспортном процессе.

Директор филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «станция Алтынколь» Данияр Нуркасымов отметил, что достижение столь высокого результата стало возможным благодаря профессиональному

диспетчерскому управлению.

– Досрочное выполнение годового плана – это общий успех всего коллектива. Четкая организация, грамотное управление и ответственность каждого сотрудника позволили нам добиться таких результатов, – подчеркнул руководитель станции.

Развитие инфраструктуры, совершенствование технологических процессов и повышение квалификации персонала создают прочную основу для увеличения объемов перевозок и укрепления позиций станции. А совместные усилия



железнодорожников двух стран (РК и КНР) способствуют не только укреплению экономических связей, но и развитию транспортного потенциала региона, превращая станцию Алтынколь в важнейший транспортно-логистический узел.

Фото автора

ИТОГИ И ПЛАНЫ



Ключевые вопросы деятельности за 2025 год обсудили на заседании президиума Союза транспортников Казахстана «Kazlogistics».

Руководители рабочих групп по видам транспорта доложили о текущем состоянии дел в транспортно-логистической отрасли и обозначили проблемные вопросы, требующие консолидированного решения со стороны членов союза и государственных органов.

Генеральный директор Kazlogistics Канат Альмагамбетов представил итоги реализации программных инициатив и обозначил приоритетные задачи на предстоящий период.

В ходе заседания участники определили основные направления работы на 2026 год. Кроме того, утвердили размер разового единовременно-го членского взноса АО «НК «ҚТЖ» для финансирования деятельности Kazlogistics и Корпоративного фонда союза, изменения в устав, структуру и штатное расписание.

Принятые решения направлены на дальнейшее развитие транспортно-логистического комплекса Казахстана, укрепление взаимодействия между участниками отрасли и повышение эффективности деятельности Kazlogistics.

Любовь РОВБА



Жером БОЙЕ,

управляющий директор Alstom в
Западной и Центральной Азии:

КАЗАХСТАН СТРЕМИТЕЛЬНО СТАНОВИТСЯ КЛЮЧЕВЫМ СУХОПУТНЫМ МОСТОМ МЕЖДУ КИТАЕМ И ЕВРОПОЙ – ЧЕРЕЗ ЕГО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНУЮ СЕТЬ ПРОХОДИТ 85% ЕВРАЗИЙСКИХ ТРАНЗИТНЫХ КОНТЕЙНЕРОВ. НОВЫЕ СТРАТЕГИЧЕСКИЕ СОГЛАШЕНИЯ И ИНВЕСТИЦИИ СТИМУЛИРУЮТ РЕКОРДНЫЙ РОСТ: В 2024 ГОДУ КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ В ЕВРОПУ ВЫРОСЛИ НА 43%

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ-НЫҢ

80 000

АСТАМ АШЫҚ ЖӘНЕ ЖАБЫҚ ВАГОНЫМЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

2025 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗЫНШЫ АЙЫНДА

5,1 мың

АСТАМ КӨМІР ТИЕЛГЕН ВАГОН ЭКСПОРТҚА ЖӨНЕЛТІЛГЕН.

2021-2025 ЖЫЛДАРЫ «ҚТЖ» КОМПАНИЯСЫ БОЙЫНША

6

КӨПІРГЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛГЕН.

ТЕХНИКАЛЫҚ САБАҚТАР ЖИІЛЕГЕН

 **Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана



АЙЛЫҚ


Биылғы 19 қыркүйек пен 19 қараша аралығында өтіп жатқан «Технологиялық процесті сақта – өміріңді сақта!» атты екі айлықтан Астана жол дистанциясы да тыс қалмай, бірталай жұмыс атқаруда.

Екі айлық аясында жоспардан тыс техникалық сабақтар өткізіліп, аяқасты тексерулер жүргізілуде. Сонымен қатар жолшылардың барлық құрал-саймандары, жолды ағымдағы күтіп ұстау жағдайы, арнайы киімдермен қамтамасыз етілуі, жолдар бойына қоршау жүргізілуі, жұмысшылардың құжаттарының түгелдігі де мұқият қаралуда. Іс-шара барысында биыл анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары да хабардар етілуде.

Биыл қыста бірінші рет жұмыс істейтін алғашқы қыстаушыларға қолайсыз ауа-райында жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін үйрету бойынша қосымша техникалық сабақтар өткізіліп жатыр. Бұл екі айлық іс-шара теміржолда тек жол дистанциясында ғана емес, барлық шаруашылықтар бойынша ұйымдастырылып отыр. Басты мақсат – өндірістік тәртіп деңгейін арттыру, еңбек қорғау талаптарын сақтау, сонымен қатар өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу.

ЖАҢА ТАРИФ ЕНГІЗІЛЕДІ

 **Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

2025 жылғы шілдеде қолданыстағы тарифтік кезең мерзімінің аяқталуына байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ Табиғи монополияларды реттеу комитетіне магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне жаңа тарифті бекітуге өтінім жіберді.

Жаңа тарифті енгізу 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жоспарланып отыр. 2025 жылғы 28 қазанда комитет бизнес, салалық қауымдастықтар және өзге де мүдделі тараптар өкілдерінің қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізді. Тыңдаулар барысында компания тарифтік сметаның жобасын және тариф деңгейінің мәлімделген өзгеруінің негіздемесін ұсынды. Тарифтің өзгеруінің негізгі себебі Мойынты – Қызылжар, Бақты – Аягөз, Алтынкөл – Жетіген, Бейнеу – Маңғыстау учаскелерін салу мен жаңғыртуды, жалпы ұзындығы 2 000 км астам желілерде автоматты және жартылай автоматты бұғаттау жүйелерін орнатуды қамтитын теміржол инфрақұрылымын дамытудың инвестициялық бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ 11 мың км жолдың жөндеуін қамту мақсатында жол шаруашылығына күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігі болып табылады. Іс-шаралар ел басшылығының тапсырмасы бойынша орындалуда және магистральдық желіні дамытуға және оның тозуын төмендетуге бағытталған. Оларды іске асыру Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын, көлік-логистикалық әлеуетті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын және теміржол көлігін дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын қоса алғанда мемлекеттік даму бағдарламаларында көзделген.

ШЕБЕРХАНА ЖӨНДЕЛДІ

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



ҮНЕМ

Қандыағаш жол дистанциясының механикалық шеберханасында шағын жөндеу жұмыстары атқарылады. Дистанциядағы қолдары епті мамандар жөндеу жүріп жатқан вокзалдан шыққан құрылыс материалдарын тиімді пайдаланып, шеберхананың іші-сыртын жаңартты.

Жол техникасын қарайтын, жөңдейтін бұл шеберханада 56 адам жұмыс істейді. Мұндағы токарь, механик, ұста, шебер, жүргізуші, тағы басқа әр жұмысшының міндеті нақты бөлінген.

Қандыағаш жол дистанциясының өндірістік-техникалық бөлім бастығы Сәния Блимованың айтуынша, атшаптырым шеберхана іші мұнтаздай жаңарған. Қандыағаш вокзалынан шыққан ескі брусчаткалар шеберхана ауласына төселіп, әжептәуір әрлендіріп тұр. Шеберхананың сыртқы келбеті де көз тартарлықтай жаңартылған.

– Бұл – осы жерде жұмыс істейтін өз мамандарымыздың еңбегі. Өздерінің күнделікті міндетінен тыс, бір ай бойы шеберхананы ретке келтіріп, жұмыс орындарын жаңа кейіпке енгізді. Көп шығын да шыққан жоқ, вокзалдан шыққан жарамды құрылыс материалдары пайдаға жарап, ғимараттың ажары кіріп, еңсесі көтерілді, – дейді Сәния Блимова.

Ширек ғасырдан аса уақыт қызмет етіп тұрған шеберхана расымен айтарлықтай жаңарып-жаңғыртылған. Іші-сырты қайта сыланып, сатыларға кафель төселіп, қызметтік бөлмелерге косметикалық жөндеу жасалыпты. Қалауын тапса, қар жанар деген осы.

Суретті түсірген автор



СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН БОЛАДЫ



АЙМАҚ

 **Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Арыс

Электровоздарға қызмет көрсететін сервистік орталық ретінде салынып жатқан нысанның жалпы құны 3,5 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын іске қосылғанда 100-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Ал зауыттың жалпы аумағы 2,9 гектарды қамтиды. Сонымен қатар мұнда теміржол құрамдарына техникалық және сервистік қызмет көрсету бағыты да дамытылады.

Жалпы, бұл инвестициялық бастама Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеровтің төрағалығымен 2025 жылғы 20 сәуірде өткен өңірлік кеңес отырысында мақұлданған болатын. Кеңес хаттамасына сәйкес жоба «Бизнесің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында

электр желілерін тарту және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бағытында қолдауға ие.

Қазіргі уақытта «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясынан электр желілеріне қосылуға техникалық шарттар алынды. Сондай-ақ су, көріз және газ жүйелеріне қосылуға қажетті техникалық рұқсаттар рәсімделіп, жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленуде. Аталған құжаттар мемлекеттік сараптамадан өткен соң, «Өңірлік үйлестіру кеңесіне» ұсынылып, бюджеттік қаржыландыру тетігі арқылы инфрақұрылымды дамыту жоспары жүзеге аспақ.

Жуырда жергілікті билік органының өкілдері құрылыс алаңына барып, нысандағы жұмыс қарқынымен танысты. Қазіргі таңда инженерлік жүйелерді тарту бойынша барлық қажетті техникалық шарттар алынып,



сәулет-жоспарлау тапсырмалары толық рәсімделген.

Қала әкімі Қайсар Маңқараев құрылыс жұмыстарының сапалы әрі уақытылы орындалуын қадағалау мақсатында жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар беріп, мемлекет тарапынан қажетті қолдау толық көрсетілетінін атап өтті.

Айта кетсек, Alstom – теміржол көліктерін, соның ішінде локомотивтер мен жоғары жылдамдықты

пойыздарды өндіретін әлемдегі жетекші компаниялардың бірі.

Қазақстанда 2010 жылдан бері жұмыс істейді. Өңірдегі ірі электровоз өндіруші болып саналады.

Жоба Арыс қаласының ұлттық цифрлық инвестициялық платформасында ресми түрде тіркеліп, «Электровоздарға сервистік қызмет көрсету орталығы» ретінде өңірдің ірі өндірістік нысандарының біріне айналмақ.

Суретті түсірген автор

БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ТЕРЕЗЕ – БІРЕГЕЙ ЖОБА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жобаға «ҚТЖ» компаниясы тобының «KTZ Express», «Қазтеміртранс», «Кеден-транссервис» АҚ-ларымен қатар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС сынды қатысушылары тартылған. Оларды біртұтас цифрлық кеңістікке біріктіру үшін көптеген ішкі бизнес-процестерді қайта қарап, оңтайландыру қажет болған. Осы арада өзара іс-қимылдың негізгі кезеңдері, өтінім беруден бастап шартқа қол қоюға дейін үдерістің біріздендірілгенін атап өткен жөн. Яғни «Өтінім – келісу – қол қою» стандарты енгізіліп, құжаттарды электрондық келісу және цифрлық логика орнатылған. Енді клиент көптеген әртүрлі құрылымдармен емес, барлық еншілес активтердің жұмысын үйлестіретін бірыңғай жүйемен өзара әрекеттеседі. Бұл барлық кезеңдерде бақылауды қамтамасыз етіп, қызмет сапасын жақсартуды және уақытты үнемдейді.

Шын мәнінде «ҚТЖ» компаниялар тобының жүйелерін біріктіру – маңызды жұмыс. Мамандар бұл күрделі кезеңнің бірі болғанын айтады. Өйткені әрбір еншілес ұйымның өзіндік ИТ-инфрақұрылымы, цифрлық шешімдердің әртүрлі жетілу дәрежесі, бизнес-процестердегі айырмашылықтары бар еді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниялары-

ның үйлесімді іс-қимылдары, мамандардың жоғары біліктілігі және цифрлық жобаларды іске асыруда жинақталған тәжірибелері, процестерді біріздендіру және синхрондау бойынша ауқымды жұмысты табысты іске асыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде бірлескен күш-жігермен барлық жүйелер толыққанды функционалдығы бар бірыңғай цифрлық кеңістікке біріктірілді.

Клиенттерді шұғыл қолдауды қамтамасыз ету үшін тегін қоңырау шалу мүмкіндігі бар 1462 қысқа номерлі орталықтандырылған байланыс-орталығы да ашылды. Бұл өтініштерді өңдеуді едәуір жеделдетіп, қызмет көрсету сапасын жақсартқан. Қосымша сөйлеуді тану технологиясы енгізіліпті: демалыс және мереке күндері келетін дауыстық хабарламалар автоматты түрде мәтінге түрлендіріліп, өңдеуге жіберіледі екен. Осылайша, жылдың басынан бері цифрлық жүйе арқылы 2 800-ден астам шарт жасалып, байланыс орталығы 20 000-нан астам өтінішті өңдеген.

Платформада Қазақстаннан, Орталық Азия елдерінен, Қытайдан, Ресейден, Беларусьтен, Грузиядан, Түркиядан, Еуропа елдерінен ірі ойыншыларды қоса алғанда 1150-ден астам ұйым тіркелген. Олар экспедиторлар, жүк жөнелтушілер, өндіріс секторының өкілдері,

импорттаушылар мен дистрибьюторлар. Алайда, платформа қазіргі қызметімен шектеліп қалмақ емес. Негізгі басымдық – қызмет көрсету аясын кеңейту және логистикалық тізбектің жаңа қатысушыларын тартуға беріліп отыр. Жыл соңына дейін «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» АҚ, «Құрық порты» ЖШС, «Көлік сервис орталығы» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары – «Бас есептеу орталығы» және «Магистральдық желі дирекциясы» сияқты құрылымдарды қосу жоспарлануда. Бұл теңіз және теміржол логистикасындағы сервистерді цифрлық қамтуды кеңейтуге және оларға бірыңғай интерфейс арқылы неғұрлым ыңғайлы қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

ҚТЖ мамандары бұл цифрлық ортаның дамуын 2030 жылға дейінгі стратегиялық жоба ретінде қарастырып, «ҚТЖ» тобының барлық коммерциялық сервистерін онлайн-форматқа – бірінші сұрау салудан бастап мәмілені жабуға дейін толық аударуды жоспарлап отыр. Қазірдің өзінде жүйе қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді. Алдағы уақыт еншісінде қытай және түрік интерфейстерін дамыту бар. Бұл халықаралық нарыққа масштабтау үшін берік негіз жасаумен қатар шетелдік клиенттермен өзара әрекеттесуді жеңілдету түспек.

Қауіпсіздік

БАРШАҒА ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жарияланған «Теміржол инфрақұрылымы объектілерінде тасымалдау процесінің қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің сақталуын күшейту» айлығын өткізуге «ӘТЖК» ЖШС Түркістан филиалының Қызылорда атқыштар командасы да атсалысуда.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Қазан айының 14-нен қарашаның 14-іне дейін жалғасатын айлықтың мақсаты – теміржол бойындағы тәртіпті күшейту, бөгде адамдардың станция парктеріне заңсыз өтуін болдырмау, теміржолшылардың қызметтік құжаттарының жарамдылығын тексеру, әр қызметкердің өз орнында қауіпсіз еңбек етуін қамтамасыз ету.

Команданың бастығы Рахман Жұмабеков атқыштар Қызылорда желілік полиция бөлімімен бірлесіп рейдтік шаралар өткізіп,

станция аумағын заңсыз кесіп өтушілермен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатқанын айтты. Нәтижесінде 18 азаматқа ескерту хаттамасы толтырылып, қайта қайталамау қажеттігі түсіндірілген.

Қауіпсіздік тек темір жолда ғана емес, оның маңайында да сақталуы қажет. Сол себепті атқыштар ауыл тұрғындарымен кездесіп, малды қараусыз жаяудың қауіптілігін айтып, теміржол бойында тәртіпті сақтауға шақырды. Төрт түлік жолға шығып, қозғалысқа қауіп төндірген екі жағдай тіркеліп, мал иелеріне ҚР ӘҚБК 559-бабы бойынша айыппұл салынды.

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Шымкент станциясы атқыштар командасы «Темір жол – қауіпті аймақ» тақырыбы аясында профилактикалық іс-шаралар легін ұйымдастыруда.

 **Ақылбек ӘМЗЕ,**
Шымкент

Теміржол инфрақұрылымындағы тасымалдау процесінің қауіпсіздігін және тасымалдағы жүктердің сақталуын күшейтуге бағытталған айлық қазанның 14-нен қарашаның 14-не дейін жалғасады. Жуырда Шымкент станциясы атқыштар командасы бастығының орынбасары Ербол Жұмалиев Шымкент белгі беру және байланыс дистанциясында кездесу ұйымдастырды. Басқосуға Шымкент көлік полициясы басқармасының полиция майоры Шарипа Сыздықова да қатысып, теміржол аймақтарындағы құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік

талаптарын сақтау мәселелеріне тоқталды.

Іс-шара барысында қатысушыларға «Темір жол – қауіпті аймақ», «Теміржол өткелдерінен өту ережелері», «Көліктегі қауіпсіздік» тақырыптарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар теміржол бойында мал жаюға тыйым салу, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау және пойыз қозғалысына кедергі келтіретін жағдайлардың алдын алу қажеттігі еске салынды.

Ербол Жұмалиев өз сөзінде жазатайым оқиғалардың алдын алу, пойыздардың шұғыл тежелуін болдырмау және жануарлардан темір жолды қорғау мақсатында қоршау орнату жұмыстарын жүйелі түрде жүргізудің маңызын атап өтті. Сондай-ақ



бұл бағыттағы іс-шараларда жергілікті тұрғындармен тығыз байланыста болудың тиімділігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, кездесу барысында азаматтар арасында қару-жарақ пен оқ-дәрілердің, жарылғыш және суық қарулардың заңсыз айналымына жол бермеу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Теміржолшылар мен қауіпті қорғау органдарының өкілдері атап өткендей, темір жолдағы қауіпсіздік – баршаға ортақ жауапкершілік.

Суретті түсірген автор

ЕЭК И AD PORTS GROUP УКРЕПЛЯЮТ ПАРТНЕРСТВО



СОТРУДНИЧЕСТВО

Создание новых логистических центров в странах ЕАЭС и обмен лучшими практиками в области транспорта обсудили представители Евразийской экономической комиссии (ЕЭК) и Abu-Dhabi Ports Group.

Министр по транспорту и инфраструктуре ЕЭК Арзыбек Кожошев провел в Абу-Даби (ОАЭ) рабочую встречу с руководителем и управляющим директором Abu-Dhabi Ports Group Мохамедом Жума Аль Шамиси.

Согласно подписанному сторонами протоколу, AD Ports Group и ЕЭК в 2025-2026 годах планируют сотрудничество и обмен лучшими практиками в области транспорта, инфраструктуре и цифровизации логистики, а также изучение возможностей создания новых логистических центров в странах ЕАЭС.

– Углубление сотрудничества в области транспорта и инфра-



структуры с партнером мирового класса, таким как AD Ports Group, представляет собой важный шаг для дальнейшего развития международных транспортно-логистических связей Евразийского экономического союза.

Наше сотрудничество послужит динамичным катализатором роста взаимоотношений союза с ОАЭ, принося взаимную пользу, – заявил Арзыбек Кожошев.

Главной целью взаимодействия является изучение опыта AD

Ports Group как поставщика комплексных глобальных торговых, транспортных и логистических решений, обладающего передовыми технологиями по созданию цифровых транспортных коридоров и цифровых кластеров.

Мохаммед Джума Аль Шамиси отметил, что договоренности с ЕЭК знаменуют собой важный шаг на пути к объединению глобальных торговых маршрутов.

– Делясь своим обширным опытом в области эксплуатации терминалов, цифровой трансформации и морских перевозок, мы стремимся построить более устойчивые и эффективные цепочки поставок, которые принесут пользу как нашей группе, так и нашим партнерам, – сказал он. – Это партнерство полностью соответствует видению расширения нашего присутствия на глобальном уровне и внесению вклада в экономическое развитие наших международных партнеров.

Любовь РОВБА

ВСТРЕЧА С КОРПОРАТИВНЫМ ОМБУДСМЕНОМ



СОЦИУМ

Конструктивный и доверительный разговор состоялся между коллективами железнодорожных предприятий Оскеменского региона и корпоративным омбудсменом АО «НК «КТЖ» Канатом Алымагамбетовым. Обсуждали не только важные достижения компании, но и ключевые проблемы отрасли.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По информации Каната Алымагамбетова, АО «НК «КТЖ» продолжает курс на модернизацию и укрепление социальной стабильности. Компания сохраняет устойчивое финансовое положение, активно обновляет подвижной состав и инфраструктуру. При этом исключает сокращения при текущей реорганизации, которая завершится уже в ближайшее время.

Омбудсмен напомнил и о крупных проектах строительства новых линий, включая Бахты – Аягоз, которая откроет новые грузопотоки с Россией, Беларусью и Китаем, что немаловажно для грузоотправителей Восточного Казахстана.

– По вашему региону особых жалоб в последние годы от работников нет, – обратился он к собравшимся. – Их мало в целом по компании. Раньше они возникали из-за невысокой заработной платы. Премии и сверхурочные не выплачивались. В последние три года компания активно поднимала заработную плату, сейчас она достигла выше 400 тысяч тенге. Это выше среднереспубликанской.

По словам Каната Алымагамбетова, на железной дороге Казахстана наведен порядок и по другим выплатам. Значительно меньше стало жалоб по случаям несправедливого отношения со стороны руководства. Это стало результатом того, что кадровая служба и юристы стали грамотнее работать, а руководители – ответственнее подходить к принятию решений, добавил омбудсмен.

Обстановку по безопасности движения, охране труда по Семейскому отделению грузовых перевозок он назвал нормальной.

Железнодорожники Оскеменского региона



озвучили более десятка вопросов. Основные касались медицинского обслуживания, детского отдыха, жилья и нехватки кадров.

Один из острых вопросов – доступность медицинских услуг в районах. Сотрудники жаловались, что по страховке ТОО «Медикер» невозможно попасть к стоматологу в районных центрах, небольших населенных пунктах. Им приходится ехать за получением услуги в Усть-Каменогорск.

Представитель ТОО «Медикер» отметила, что частные стоматологии в небольших городах и поселках отказываются работать с ними по безналу, и пока этот вопрос еще не решен.

Поднимался и вопрос о детском отдыхе. Представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева отметила, что в регионе отказались отправлять детей железнодорожников в лагерь, который не соответствует санитарным требованиям. Но теперь ребят отправляют в другие регионы, что создает дополнительные расходы и беспокойство родителей. Айгуль Жайлаубаева предложила передать распределение путевок профсоюзным организациям на местах – без тендеров и госзакупок.

Также обсуждались вопросы по гарантийному обслуживанию служебного автобуса станции

Оскемен-1, командировок на спартакиады, где спортсмены-железнодорожники теряют зачастую значительные средства в зарплате из-за оплаты по окладу, и обслуживание служебных автобусов.

По словам Каната Алымагамбетова, одним из ключевых вопросов в Оскеменском регионе остается дефицит кадров, который является системным для железнодорожной отрасли страны. Как отметил омбудсмен, многие разезды в ВКО пустуют с каждым годом из-за оттока населения. Соответственно, уступается проблема с нехваткой специалистов.

– Возможно, придется переходить на вахтовый метод и оборудовать жилье для работников. Все эти вопросы будем обсуждать в компании, – отметил Канат Алымагамбетов.


